

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мәжілис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 31 мамырда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Ә.А. Смайыловқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Ағымдағы жылдың 4 сәуірінде Сіздің атыңызға № 9-10-44 жолданған хаттың жауапсыз қалуы және екі ай дегенде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Вице-министрінің қолымен ұсынылған жауаптың қанағаттандырмауы.

Сондықтан да, аталған хатты депутаттық сауал ретінде қайта жолдауға мәжбүр болып отырмыз.

2022 жылғы қаңтар айында Мемлекет Басшысының тапсырмасы бойынша Маңғыстау облысындағы жағдайды реттеуге арналған Үкіметтік комиссия құрылған болатын. Комиссия өңірде өз деңгейінде нәтижелі жұмыс жасай алмады. Оған дәлел, Маңғыстау өңіріндегі жиі-жиі туындап отырған әлеуметтік наразылықтар.

Сондай өзекті мәселенің бірі – тұрғындар арасындағы жұмыссыздық. Бүгінгі таңда Маңғыстау облысындағы Жетібай кентінде 70 шамалы азамат бірнеше күннен бері ереуілге шығып, өндіріске баратын жолды жауып, оның ішінде 14 адам аштық жариялады. Жалпы аудан бойынша жұмыссыздардың саны 1698 адам, оның ішінде «Жетібай» мен «Мұнайшы» кенттерінде 1035 адам жұмыссыз ретінде тіркелген. Аудан әкімшілігінің есебі бойынша 76 адам атаулы әлеуметтік көмек алады және әкімшілік 262 орынға жұмыс ұсынып отырғанын ескертті (шекара, өрт сөндіру қызметтері және мемлекеттік мекемелер).

Бірақ халықтың сұранысы кенттің тұрғындарын мұнай компанияларына жұмысқа орналастыру және жер қойнауын пайдаланушы компанияларға жұмысқа қабылдау кезінде болып жатқан әділетсіздікке тосқауыл қою!

Бұдан басқа облыс тұрғындар әлеуметтік және экологиялық мәселелердің шешілуін талап етуде.

Осыған орай, құрметті Әлихан Асханұлы, Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық мәселесін шешуге арналған арнайы Үкіметтік деңгейдегі Комиссиясы құрылсын.

Үкіметтік комиссия Маңғыстау облысында қордаланған барлық мәселелерді анықтап, тиісті шешімдер қабылдап, нақты нәтижелерге қол жеткізуі қажет.

Депутаттық сауалға заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**ҚР Парламенті Мәжілісінің
депутаттары, «АМАНАТ» партиясы
фракциясының мүшелері**

**С. Мусабаев
Е. Жаңбыршин**

орынд.: Ф.Баженева
тел.: 74-67-40